

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Акмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

МАЗМУНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС/PLENARY SESSION		
1	Ибраимов Х. И. Международный опыт и инновационные методики подготовки будущих учителей к эффективной профессиональной деятельности	3
2	Doğan M. Artificial intelligence in higher education: between opportunity and risk	6
3	Оспанова Б.К. Инклюзивті білім беру: тұлға дамуының факторы ретінде	10
1 секция: Педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері 1 секция: Глобальные тренды педагогического образования и науки 1-section: Global trends in pedagogical education and science		
4	Тұрғынбаева Б.А. Ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау: жағдайы, мүмкіндіктері, мәселелері	15
5	Вахидова Л.В. Образовательная среда как пространство профессионального развития будущего педагога	19
6	Мардонов Ш.К. Подготовка высококвалифицированных специалистов в сфере образования	23
7	Набиулина Н.Г., Фазлыева А.Ф. Формирование социальной компетентности будущих специалистов психолого-педагогического профиля в процессе профессиональной подготовки	27
8	Жиенбаева С.Н., Азербает Д.Н. Болашақ эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруды зерттеу тәсілдемелерін талдау..	31
9	Жиенбаева С.Н., Мукажанов Н.К. Университет түлектерінің кәсіби ортаға бейімделуін құзыреттілік тұғыры негізінде ұйымдастыру	36
10	Ахатова Д.А. Педагогика ғылымы, оның дамуы және заманауи салалары	40
11	Аликулова А.Б. Эксперимент барысында мектепке дейінгі балалардың зерттеу дағдыларын дамыту жолдары мен ерекшеліктері	45
12	Джаббаров Ш.Х. Развитие профессиональных компетенций у будущих специалистов авиации как глобальный тренд педагогики	49
13	Жаббаров З.Р. Взаимосвязь между мотивацией обучающихся и качеством образования с учётом глобальных трендов в педагогической науке	52
14	Касымбекова А.Ж., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	57
15	Медетова Р.М. Подготовка будущих учителей как глобальный тренд педагогической науки	61
16	Пирматов С. Развитие визуальной культуры у студентов как глобальный тренд педагогической науки	64

17	Садикова Ш.А. Международный опыт и применение инновационных методик для социализации детей дошкольного возраста	67
18	Табишев Т.А. Компетентностно-квалификационная модель выпускника вуза: тренды и инновации (российский и международный опыт)	70
19	Тожибоева Х.М. Формирование у подростков иммунитета против «массовой культуры» на основе гендерного подхода как глобальный тренд педагогической науки	75
20	Шохиён Н.Н., Джафарзода С.Ф. Об актуальности разработки учебника: «Педагогика успеха и творческое управление временем в контексте внедрение цифровых технологии в Вузе»	79
21	Khasanova Sh.T, Rahimova U.A. The role of educators in teaching children visual arts activities	83
22	Аубакирова Ж.К. Данияр Ш.Д. Шетелдік студенттердің жоғары оқу орнына әлеуметтік-психологиялық бейімделуін анықтайтын заманауи әдіс-тәсілдер	86
23	Алимбетова Р.В. Инновационные технологии на уроках русского языка: современные подходы и глобальные научные тренды	90
24	Байсарина С.С., Жумадилова А.Н. Жаһандану жағдайындағы білім беру жүйесінің инновациялық интеграциясы	94
25	Нуркасымова С.Н., Нұрланқызы Г. Білім алушылардың физика пәнінен шығармашылық қабілеттерін арттыру	99
26	Садыкова Д.А., Оралбекова К. Р. Нейропедагогика және когнитивтік ғылым негізіндегі оқыту әдістерінің дамуы: қазіргі халықаралық тәжірибе	103
27	Паштанов С.У., Ахмаджанова Д.С. Болашақ мұғалімдерді даярлауда жаттығуларды қолдану	108
28	Zhalelova G.M., Khamzina Z.B., Albekova A.Sh. On the methodological aspects of teaching professional english in agricultural universities (<i>with an Emphasis on the Use of AI.</i>)	112
29	Анорбоев А.А. Стратегии трансформации воспитательного процесса в учреждениях общего среднего образования на основе национальных и международных подходов	117
30	Zhaukina S. Environmental awareness of future teachers	121
31	Tokashova G.Zh. Pedagogical and psychological aspects of supporting academic mobility	126
32	Бободжонова М.М. Развитие навыков аналитического чтения у студентов экономических специальностей при работе со специализированными текстами	130
33	Бобоев Х.Ю. Сущность идеологического иммунитета к идейно-информационным атакам в педагогическом образовании	135
34	Зулпукарова Д. И., Жакыпбекова А.Т. Сманова Н.Т.	139

	Электронный учебник как ключевой элемент образования	
35	Норбутаева Д.А. Роль семьи в развитии художественно-эстетического вкуса и дизайнерских навыков учащихся как глобальный тренд педагогического образования	144
36	Пирматова М.С. Комплексное изучение поэтики художественных произведений на занятиях литературы как глобальный тренд педагогической науки	147
37	Собирова Н.Н. Использование невербальных средств в образовательном процессе	151
38	Селиверстова И.А. Нейродидактика и иноязычно-образовательный процесс	156
39	Сағынғали Б.А. Математиканы оқытуда жобалық жұмыстардың оқушылардың зерттеушілік қүзыреттілігін дамытуға әсері	161
40	Тургунбоев Б.И. Педагогические возможности формирования мира и национальных и международных подходов	165
41	Ходжаев О.Ш. Педагогическая модель, критерии и результаты практических испытаний	168
42	Экстерович А.И. Снижение агрессивных проявлений у подростков посредством привития навыков социально одобряемого поведения	173
43	Kokteubay Z.Zh. Karmenova N.N. Student-centered strategies for enhancing learning outcomes in economic and social geography	177
44	Абишева А.Х. Научно-педагогические предпосылки развития основ исследовательской компетентности учащихся	181
45	Джумагазиева А.К. Формирование экологической ответственности у студентов педагогических колледжей в контексте глобальных трендов педагогического образования и устойчивого развития	186
46	Кемалова Г.Б. Педагогика ғылымы контексіндегі психологиялық иммунитет	191
47	Кусаинова А. Ж. Терминологиялық жүйенің дамуына әлеуметтік факторлардың ықпалы	195
48	Сатыбалдина М.Б., Мусина Г.Б. Жоғары оқу орнындағы шетелдік студенттердің әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу механизмдері	199
49	Уриа Ш. Историко-ретроспективный анализ развития национальной системы образования в республике маврикий	206
50	Alpanova A.M. Integrating mass media into efl teacher education: a pathway to intercultural communicative competence	211
51	Aituganova K. Peer assessment in modeling foreign language writing instruction	215
52	Ваева Е.	220

	Development of independent foreign language learning skills among students majoring in psychology and pedagogy	
53	Aubakirova A.A. Interference in efl: error analysis and teaching solutions	225
54	Rufina A. Integrating art therapy methods into teacher education programs: a communicative perspective	230
55	Gaisin A.I. Role of emotional intelligence in the development of stress resistance and mindfulness in pedagogical context	232
56	Bakhytkyzy Sh. Students' emotional intelligence and awareness of emotional intelligence in efl learning	235
57	Glumova A., Makhambetova Zh. Navigating the future: career orientation among 9 th grade students	239
58	Zhanbolat I.N. Self-regulated learning strategies of university students: a qualitative study from Kazakhstan	243
59	Kobeisinova G. Socio-cultural determinants of sexual health literacy within educational environments: empirical evidence	247
60	Kuanysheva S. Academic resilience studies and future research directions	252
61	Kazakhova A.V. Teaching english through gamification: a pedagogical experiment and expected changes in students' academic motivation	256
62	Rakhmetova A.T. Developing students' cultural awareness in the process of teaching english	261
63	Sovet B. Effective methods of teaching a foreign language in the context of a competency-based approach (based on grades 10–11)	266
64	Temirbay M. The role of school mediation in preventing conflicts among participants in the educational process	269
65	Балғабек Е.Ә. Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың маңызы	271
66	Бакиева Т.Б. Орта білім беру жағдайында ата-аналардың кәсіби бағдар беру үдерісіне ықпалы: Қазақстан тәжірибесі	276
67	Елубаева Р.С., Тельбаева У.Д., Уйсембаева А.А. Бастауыш сыныпта жекелеген пәндерді интеграцияланған оқытуда STEM технологиясын қолданудың маңыздылығы	279
68	Жалалдин Д.Н., Абдреимова К.А., Калимолдаева А.К. Гибридті оқыту жағдайында оқушылардың білімін бағалаудың жаңа тәсілдері мен құралдары	283
69	Исахова П.А. Современные требования к первоначальной подготовке кабинного экипажа в условиях авиационного образования Республики Казахстан	287

70	Ибадуллаева С.Ж., Кожабергенова А.Т. Жоғары сынып оқушыларының функциональдық сауаттылығын биология пәні негізінде қалыптастыру	292
71	Исабаева Л.У. Об уровне развития критического мышления у старшеклассников и влияющих на него факторах в современных образовательных условиях	295
72	Кыдыр А. Е. Жаратылыстану ғылымдарындағы STEM технологиясының маңызы	300
73	Куатбекова А.М., Джетимов М.А. Химия пәнінде жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру білім алушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде	303
74	Моминова Г.М. К вопросу о применимости понятия академической социализации в школьном образовании	306
75	Мұқашева А.Б. Студенттердің эмоциональдық тұрақтылығын дамытудағы педагогикалық-психологиялық алғышарттар	310
76	Нұрланова А., Рыстыгулова В.Б. Орта мектепте оптика бөлімін оқытуда ойын технологиялары арқылы оқушылардың концептуалды түсінуін қалыптастыру	317
77	Оралбай Ж.С., Рыстыгулова В.Б. Мектеп физика курсына космология элементтерін кіріктіріп оқытудың тиімді әдістері	322
78	Онбаева Н.Ш., Аренова А.Х. Тұлғаның тірек құзырлығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық мәселелері	331
79	Оразалина А.Ж. Болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын дуалды оқыту жағдайында қалыптастыру: халықаралық салыстырмалы талдау	334
80	Сарин Е.Т., Адилова В.Х. Инновационная цифровая модель «Smart-стопа» в системе здоровьесбережения и профилактики функциональных нарушений стоп у юных хоккейных вратарей	338
81	Соснина И.Ю., Махамбетова Ж.Т. Модель психолого-технологической поддержки интеграции иностранных студентов: от адаптации к развитию в глобализирующемся образовательном пространстве	344
82	Тұрсынжан Н.Б. География сабақтарында PISA форматындағы тапсырмаларды құрастыру және орындау әдістемесі	349
83	Тасмуратова М.Н. Импульстің, энергияның және зарядтың сақталу заңдарын оқытуда цифрлық ресурстарын пайдалану жолдары	352
84	Уалиева М.А. Роль преподавателя в снижении цифрового стресса студентов в условиях цифровой образовательной среды	356
85	Эркинқызы Б., Тургунбекқызы А., Жээнбаева Э.К. Использование компьютерных технологий в реализации межпредметных связей в начальных классах	360

86	Amirbay Zh. K. Theoretical aspects of research on artificial intelligence and digital technologies in teacher education	365
87	Гапу Ә.Н. Английский язык как образовательный ресурс в условиях глобальных изменений	371
88	Жаканова Н.М. Білім беру мекемелерін басқарудың педагогикалық және ұйымдастырушылық ерекшеліктері	374
89	Муратова Г.А., Исеноманова А.Е., Кажиева М.Ф. Глобальные тренды педагогического образования и науки	377
90	Тұрлыбай Д.Н. Педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері: бастауыш сынып оқыту саласы	380
91	Укиева М.И. Биология сабақтарында зерттеу жұмыстары арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру	385
92	Гитихмаева Л.М. Развитие компетенций специалистов помогающих профессий в рамках дисциплины «Практикум по soft skills»	390
93	Жорабек А. Химия сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда PISA тапсырмаларының рөлі	394
94	Асылханқызы М. Сыни ойлауды қалыптастыруда кластер тәсілінің рөлі	399
95	Арқабай І.М., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда STEM технологиясын пайдалану әдістемесінің тиімділігі	403
2-секция: Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар		
2-секция: Искусственный интеллект и цифровые технологии в педагогическом образовании		
2-section: Artificial intelligence and digital technologies in pedagogical education		
96	Ying W. Theoretical construction and cultivation paths of physical education teachers' digital literacy from the perspective of embodied cognition	408
97	Khodjiyeva F.O., Mutova M. U. Artificial intelligence and critical thinking in conducting and receiving instruction	412
98	Karakhanova L. M. Increasing parental responsibility in protecting students from internet threats in a globalizing society is a requirement of the time	415
99	Ибрагимова Э. И., Сабиралиева З. М. Интеграция искусственного интеллекта в педагогическое образование: возможности и риски	419
100	Исаева З. Т. Отражение цифровых технологий и социальных медиа в педагогических сегментах	422
101	Верниенко Л.В. Инструменты методического сопровождения профессиональной деятельности педагога в цифровой образовательной среде	427

Таким образом, формирование социальных компетенций будущих социальных педагогов возможно только при создании **целостной образовательной среды**, объединяющей теорию, практику, ценности и профессиональное сообщество. Такой подход обеспечивает не только готовность к деятельности, но и устойчивую профессиональную идентичность специалиста.

ӘОЖ 37.013.77

БОЛАШАҚ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Saira1962@mail.ru

Азербайев Даулет Нурболатович

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты, Астана,
Қазақстан

daulet.azerbayev@bk.ru

Андатпа. Мақалада спорттық жоғары оқу орны жағдайында болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылады. Эмоционалдық тұрақтылық кәсіби даярлықтың жүйесіндегі компоненті және педагогикалық қызметтің тиімділігінің маңызды шарты ретінде талданады. Зерттеу Астана қаласындағы Қазақ ұлттық спорт университеті базасында 300 студенттің қатысуымен жүргізілді. Педагогикалық эксперимент барысында авторлық модель апробациядан өтіп, оның тиімділігі математикалық статистика әдістері арқылы дәлелденді. Нәтижелер эмоционалдық тұрақтылықтың мақсатты педагогикалық ықпал нәтижесінде қалыптасатынын көрсетеді.

Аннотация. В статье рассматриваются теоретико-методологические основы формирования эмоциональной устойчивости будущих учителей физической культуры в условиях спортивного вуза. Эмоциональная устойчивость анализируется как системообразующий компонент профессиональной подготовки и условие эффективной педагогической деятельности. Исследование проведено на базе Казахского национального университета спорта (г. Астана) с участием 300 студентов. В ходе педагогического эксперимента была апробирована авторская модель, эффективность которой подтверждена методами математической статистики. Результаты доказывают, что эмоциональная устойчивость формируется в процессе целенаправленного педагогического воздействия.

Abstract. The article examines the theoretical and methodological foundations for developing emotional stability in future physical education teachers within the context of a sports university. Emotional stability is considered as a system-forming component of professional training and a prerequisite for effective pedagogical activity. The study was conducted at the Kazakh National University of Sport (Astana) and involved 300 students. An author-designed pedagogical model was implemented and experimentally tested. Statistical analysis confirmed its effectiveness. The findings demonstrate that emotional stability does not develop spontaneously but requires systematic and targeted pedagogical support.

Кілт сөздер: эмоционалдық тұрақтылық, дене шынықтыру мұғалімі, спорттық жоғары оқу орны, өзін-өзі реттеу, кәсіби даярлық.

Ключевые слова: эмоциональная устойчивость, учитель физической культуры, спортивный вуз, саморегуляция, профессиональная подготовка.

Keywords: emotional stability, physical education teacher, sports university, self-regulation, professional training, pedagogical model.

Кіріспе. Қазіргі қоғам адам өмірінің барлық саласын қамтыған қарқынды әрі жүйелі өзгерістер кезеңін бастан кешіруде. Білім берудің цифрландырылуы, ақпараттық жүктеменің артуы, жаһандану үдерістері, жастардың құндылық бағдарларының өзгеруі, спорт пен дене шынықтыру саласындағы бәсекелестіктің күшеюі – осының барлығы педагог мамандығының мазмұны мен сипатына елеулі ықпал етуде. Бүгінгі күні мұғалімге қойылатын талаптар тек академиялық біліммен және әдістемелік құзыреттілікпен шектелмейді. Оның тұлғалық жетілуі, өзін-өзі реттей алу қабілеті, эмоциялық тұрақтылығы кәсіби қызметтің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта,

техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында педагогтеге қойылатын талап айтылып кеткен [1].

Қазіргі цифрлық қоғамның өзі мектеп мұғалімдерінен байсалдылықты, үлкен сабырлықты талап етеді. Тәрбиеленушілеріне деген жоғары сүйіспеншілік сезімі өзін-өзі ұстай білуінің жеткілікті деңгейімен, эмоцияларын басқару қабілетімен ұштасуы тиіс. Дегенмен, мұғалімде қалыптасуы қажет көптеген қасиеттердің ішінде аса маңыздыларының бірі ретінде эмоционалдық тұрақтылық ерекше аталады. Спорттық жоғары оқу орнында болашақ дене шынықтыру мұғалімін даярлау басқа педагогикалық бағыттармен салыстырғанда өзіндік ерекшелікке ие. Студенттер бір мезгілде педагогикалық пәндерді меңгеріп қана қоймай, спорттық мамандану бойынша кәсіби дайындықтан өтеді, түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысады, оқу-жаттығу жиындарында болады, педагогикалық практика барысында нақты кәсіби жағдайлармен бетпе-бет келеді. Осындай көпқабатты жүктеме студенттен жоғары психикалық жұмылдыруды, өзін-өзі реттеудің қалыптасқан механизмдерін және күйзеліс жағдайында ішкі тұрақтылықты сақтай білуді талап етеді. Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби қызметі жоғары деңгейдегі эмоциялық жүктемемен және психоэмоционалдық қарқындылықпен сипатталады. Эмпирикалық зерттеулерге сүйенсек, мұғалімдердің эмоционалдық тұрақтылық деңгейі ұшқыштар мен инженер-конструкторларға қарағанда төмен болып шығады. Мұндай төмен көрсеткіш мұғалімдердің балалармен және ата-аналармен жиі қақтығысуына байланысты қалыптасады. Мұның барлығы жағымсыз салдарға әкеліп, мұғалімдерде ұстамсыздық, өз күшіне сәнімсіздік, мазасыздық сияқты тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына себеп болуы мүмкін [1]. Зерттеу нәтижелерін талдау және мұғалімдердің жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, қазіргі педагогикалық практикадағы өзекті мәселелердің бірі – педагог қызметкерлердің эмоционалдық тұрақтылығын дамыту жолдарын зерттеу екеніне көз жеткіздік. Зерттеуіміздің өзектігі келесігілермен негізделеді: теориялық-әдіснамалық тәсілемелердің үйлеспейуі; болашақ педагогтердің эмоционалдық тұрақтылығын дамытудың тұтас жүйесінің болмауы; оны оқыту үдерісінде дамытуға қажетті педагогикалық шарттардың жеткілікті зерттелмеуі; сондай-ақ эмоционалдық тұрақтылықты дамыту әдістері мен формаларын таңдаудағы бірізділіктің болмауы елеулі қиындықтар туғызады. Осының барлығы бұл мәселені педагогика ғылымы тұрғысынан терең зерделеуді өзекті етеді және студенттерді оқытудың жаңа технологияларын әзірлеуге ынталандырады.

Әдебиеттерге шолу. Сондықтан эмоциялық тұрақтылық жеке тұлғалық сипат қана емес, кәсіби қажеттілік, педагогикалық қызметтің стратегиялық ресурсы ретінде қарастырылады. Психологтардан эмоционалдық тұрақтылықты зерттеумен (Л.М. Аболин, А.А. Баранов, П.Б. Зильберман, Н.Д. Левитов, В.Л. Марищук, А.К. Маркова, Л.М. Митина, С.М. Петрова, О.А. Прохоров, А.А. Реан және басқалар айналысқан. Шетелдік зерттеушілер қатарына Я. Рейковский, Г. Айзенк, Дж. Гилфорд, Р. Кеттелл, П. Фресс және т.б.) зерттеген. Ғылыми әдебиеттерді талдау психологияда эмоционалдық тұрақтылықты зерттеудің төрт негізгі тәсілдемесін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді.

Бірінші тәсілдеме сәйкес (К.К. Платонов, Е.А. Петницкий, В.Л. Марищук, Е.А. Милерян, Л.М. Шварц және т.б.), эмоционалдық тұрақтылық тұлғаның еріктік қасиеттерінің көрінісі ретінде қарастырылады. Ол – іс-әрекет барысында туындайтын эмоцияларды басқару қабілеті, эмоциялық ықпалдарға қарамастан педагогикалық қызметті жүзеге асыру кезінде кәсібилікті сақтай білу қабілеті. А.А. Петницкий эмоционалдық тұрақтылықты тұлғаның еріктік қасиеттерінің көрінісі, туындайтын эмоцияларды саналы түрде басқару қабілеті ретінде қарастырады. Оның пікірінше, эмоционалдық тұрақтылық эмоционалдық тұрақтылықпен (эмоционалдық тұрақтылық = эмоционалдық тұрақтылық) теңдес ұғым, себебі эмоционалдық тұрақтылық белгілі бір эмоционалдық күйдің тұрақтылығын білдіреді. К.К. Платонов пен Л.М. Шварц эмоционалдық тұрақтылықтың қалыптасуында тұлғаның еріктік қасиеттері маңызды фактор болып табылатынын атап көрсетеді. К.К. Платонов эмоционалдық тұрақтылықты келесі түрлерге жіктейді: эмоционалды-еріктік (тұлғаның өз эмоцияларын еріктік деңгейде меңгеруі); эмоционалды-моторлық (психомоторлық

тұрақтылық); эмоционалды-сенсорлық (сенсорлық әрекеттердің тұрақтылығы) [3, 857-б.]. Осы бағытты қолдаушылар қатарында В.Л. Марищук пен Е.А. Милерянды атап өтуге болады.

В.Л. Марищуктың зерттеулеріне сәйкес, эмоционалды тұрақтылық – күрделі іс-әрекетті орындау барысында эмоционалды қозу күйін жеңе білу қабілеті. Е.А. Милерян эмоционалды тұрақтылықты эмоция тудыратын факторларға төзімділік (сонымен қатар туындайтын астениялық эмоцияларды бақылау және тежей алу қабілетімен бірге) ретінде түсіндіреді [4 117-б.].

Екінші тәсілдеме (Б.Х. Варданыя, В.М. Смирнов, О.А. Сиротин, А.И. Трохачев және т.б.) эмоционалды тұрақтылықты тұлғаның темперамент ерекшеліктерімен, жүйке жүйесінің күшімен, қозу мен тежелу үдерістерімен тікелей байланыстырады. Б.Х. Варданыя эмоционалды тұрақтылықты эмоция тудыратын жағдаятта іс-әрекеттің барлық компоненттері арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ететін және іс-әрекеттің табысты орындалуына ықпал ететін тұлғалық қасиет ретінде қарастырады. В.М. Смирнов пен А.И. Трохачев эмоционалды тұрақтылықты эмоциялық жағдаятта психикалық және қимыл-қозғалыс функцияларының тұрақтылығы деп анықтайды [5, 44-б.]. О.А. Сиротин эмоционалды тұрақтылықты шиеленісті эмоционалды жағдайда күрделі әрі жауапты міндеттерді табысты шеше алу қабілеті ретінде түсіндіреді. Ол эмоционалды тұрақтылықты жүйке жүйесінің күші мен қозғалмалылығымен байланыстырады.

Үшінші тәсілдеме (Н.Д. Левитов, В.М. Писаренко, О.А. Черников) эмоционалды реакциялардың және эмоциялық сипаттамалардың ерекшеліктеріне баса назар аударады. Н.Д. Левитов эмоционалды тұрақтылықты тұлғаның эмоциялық ерекшеліктерінің сипаттамасы, эмоциялардың тұрақтылығы, көңіл-күйдің жиі өзгермеуі ретінде қарастырады. Ол эмоционалды тұрақсыздықты көңіл-күй мен эмоциялардың тұрақсыздығымен байланыстырады [6].

В.М. Писаренко эмоционалды тұрақтылықты жағымды эмоциялардың басымдығы ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, эмоционалды тұрақтылық – әртүрлі стресс жағдайларында өмірлік белсенділіктің артуымен сипатталатын стеникалық эмоциялардың және эмоционалды қозудың тұрақтылығын қамтамасыз ететін тұлғалық қасиет. Сонымен қатар, автор эмоционалды тұрақтылықты өзін-өзі ұстай білу, сабырлылық және салқынқандылықпен байланыстырады. О.А. Черникова эмоционалды тұрақтылықты эмоционалды қозудың белгілі бір шекті деңгейден аспауы және тұлғаның мінез-құлқына кері әсер етпеуі ретінде қарастырады. Бұл жағдай іс-әрекет нәтижелілігіне оң ықпал етеді. Автор эмоциялық сипаттамаларға «эмоциялық реакциялардың оңтайлы қарқындылығы, олардың тұрақтылығы; эмоциялық уайымдардың сапалық ерекшеліктері және олардың бағыттылығы» жатады деп көрсетеді [6, 259-б.].

Төртінші тәсілдемелер өкілдері (Л.М. Аболин, Г.Ю. Гольева, М.И. Дьяченко, В.А. Пономаренко) эмоционалды тұрақтылықты тұлғаның интегративтік қасиеті ретінде қарастырады. Бұл қасиет стресс жағдайларында іс-әрекетті табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Интегративтік қасиеттің негізгі өлшемдері – табыстылық, нәтижелілік, сақталымдылық, тұрақтылық және т.б. Л.М. Аболиннің зерттеулеріне сәйкес, эмоционалды тұрақтылық – бұл индивидтің шиеленісті іс-әрекет барысында сипатталатын қасиеті, оның жеке эмоционалды механизмдері өзара үйлесімді әрекеттесіп, қойылған мақсатқа табысты жетуге ықпал етеді. Яғни, бұл – іс-әрекетті эмоциялық реттеудің функционалды жүйесі [7, 134-б.].

Ол педагогтің жағдайды шынайы қабылдай алуына, өз эмоциялық реакцияларын саналы түрде басқаруына, конструктивті өзара әрекет орнатуына және білім алушылар үшін эмоциялық мәдениеттің үлгісін көрсетуіне мүмкіндік береді. Эмоциялық тұрақтылық деңгейіне тек оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелілігі ғана емес, сонымен қатар өскелең ұрпақта салауатты өмір салты құндылықтарының, тәртіптің және командалық өзара әрекет мәдениетінің қалыптасуы да тәуелді.

Спортшылардың күйзеліске төзімділігі, резильенттілік және эмоциялық интеллект мәселелеріне арналған зерттеулер жеткілікті болғанымен, дәл спорттық жоғары оқу орны жағдайында болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыру мәселесі әлі де теориялық және әдіснамалық тұрғыдан толық жүйеленбеген. Көптеген ғылыми еңбектер спорттық жетістіктер мен атлеттердің психологиялық даярлығына бағытталған, ал спорттық ортаның педагогикалық қыры көбіне үзік-үзік қарастырылып келеді. Ал студенттік кезең – болашақ педагогтің тұлғалық жетілуі, эмоциялық құзыреттілігі және кәсіби сәйкестігі қалыптасатын шешуші кезең.

Шетелдік психологияда эмоционалдық тұрақтылыққа когнитивтік бағалау тәсілі, эмоционалдық интеллект және эмоцияларды реттеу стратегиялары арқылы қарастырылады: Р. Лазарус жағдайды когнитивтік бағалау теориясы тұрғысынан талдаса (Lazarus & Folkman, 1984), Д. Големан эмоционалдық интеллект тұжырымдамасын енгізді (Goleman, 1995) Дж. Гросс эмоцияларды реттеу механизмдерін зерттеді (Gross, 1998). Гуманистік философия мен психологияда тұлғаның тұрақтылығы оның ішкі тұтастығымен, өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылысымен және жеке дамуы үшін жауапкершілік алуымен байланыстырылды (Fromm, *The Art of Loving*, 1956; Rogers, *On Becoming a Person*, 1961; Maslow, *Motivation and Personality*, 1954). Бұл тұрғыда эмоционалдық тұрақтылық сезімдерді басу немесе салқынқандылық емес, эмоциялық күйлерді саналы басқару арқылы тұлғалық автономия мен кемелдікке жету ретінде түсіндіріледі (Fromm, 1956; Rogers, 1961; Maslow, 1954). Ғылыми әдебиеттерде эмоционалдық тұрақтылық әртүрлі түсіндіріледі. Кейбір зерттеушілер оны күйзеліске төзімділікпен байланыстырса (Hardiness research, Kobasa, 1979), басқалары психологиялық сенімділікпен немесе резильенттілік феноменімен байланыстырады (Resilience studies, Masten, 2001).

Қазіргі білім философиясы педагогты мәдениеттің субъектісі ретінде қарастырады, ол құндылықтарды жеке үлгісі арқылы жеткізеді (Dewey, *Democracy and Education*, 1916). Спорттық ортада жұмыс істейтін дене шынықтыру мұғалімі тәртіптің, төзімділіктің, құрметтің, әділдіктің және өзін-өзі ұстай білудің үлгісіне айналады. Оның мінез-құлқы тек әдістемелік құрал ғана емес, сонымен қатар білім алушылар үшін құндылықтық бағдар болып табылады. Сондықтан эмоционалдық тұрақтылық аксиологиялық өлшемге ие болып, педагогтың кәсіби сәйкестігінің құрамдас бөлігіне айналады. Осылайша, теориялық талдау эмоционалдық тұрақтылықты тұлғаның ішкі үйлесімділігінің, жетілуінің және күрделі жағдайларда жауапты әрекет ету қабілетінің көрінісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Жоғарыдағы тәсілдемелердің және теориялық талдаулардың нәтижесінде эмоционалдық тұрақтылықтың құрамдас бөліктерін анықтауға мүмкіндік береді, олар:

- эмоционалдық күйлерді өзін-өзі реттеу қабілеті;
- белгісіздік пен күйзеліс жағдайларына төзімділік;
- эмоционалдық өзін-өзі бақылау;
- жағымды мотивациялық бағыттылық;
- сыртқы және ішкі дестабилизациялық факторларға қарсы тұру.

Спорттық ортада эмоционалдық тұрақтылық қысым жағдайында зейінді сақтай алу, жарыс алдындағы мазасыздықты бақылау, команда ішінде тиімді коммуникацияны қолдау және қақтығыстық жағдайда педагогикалық позицияны жоғалтпау қабілеті арқылы көрінеді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу Астана қаласындағы Қазақ ұлттық спорт университеті базасында жүргізілді. Экспериментке 1–4 курс аралығындағы бақылау және эксперименттік топты алғанда 150 студент және мектеп мұғалімдері қатысты. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау; сауалнама, сұхбат, бақылау және. Зерттеу мақсатында болашақ денешынықтыру педагогтерінің эмоционалдық тұрақтылығын анықтау бойынша сауалнама жүргізілді.

Нәтижелері және талқылау Анықтау эксперименті кезеңде студенттердің тек 28% эмоционалдық тұрақтылықтың жоғары деңгейін көрсетті. Мектеп жағдайында жас мұғалімдердің эмоционалдық тұрақтылық деңгейі кейбір еңбек өтілі бар мұғалімдерге

қарағанда жоғары. Кейбір педагогтерде бұл көрсеткіш тіпті неврозбен ауыратын адамдардың деңгейіне тең немесе одан да төмен болады.

Кесте 1- Эмоциональдық тұрақтылық көрсеткіштері бойынша сауалнама, сұхбат және бақылау әдістерінің нәтижесі

Қатысушылар	Көрсеткіштері				
	эмоциональдық күйлерді өзін-өзі реттеу қабілеті	белгісіздік пен күйзеліс жағдайларына төзімділік;	эмоциональдық өзін-өзі бақылау	жағымды мотивациялық бағыттылық	сыртқы және ішкі дестабилизациялық факторларға қарсы тұру
ЖОО студенттері	20%	18%	19%	20%	18%
Жас мамандар	23%	21%	20%	22%	21%
Еңбек өтілі жоғары мұғалімдер	45%	43%	44%	42%	41%

Бұл көрсеткіш зерттеліп отырған мәселенің өзектілігін және эмоциональдық тұрақтылықты мақсатты түрде қалыптастыруға бағытталған педагогикалық ықпалдың қажеттігін растады.

Қорытынды. Педагогтің эмоциональдық тұрақтылық деңгейі көбінесе тұлғаның субъективтік ерекшеліктеріне тәуелді. Болашақ педагогтің эмоциональдық тұрақтылығын жоғары оқу орнында дамыту педагогикалық қызметтің ерекшеліктерімен шартталады және бірнеше кезеңнен тұратын жүйелі жұмысты қамтиды: бағдарлық кезең; ақпараттық кезең; жағдаяттық-практикалық кезең; түзету кезеңі бойынша жұмыстар жүргізу қажет деп санаймыз. Осылайша, зерттеу нәтижелері эмоциональдық тұрақтылықты болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау үдерісінде кешенді ғылыми-педагогикалық проблема ретінде қарастыру қажеттігін дәлелдейді. Спорттық жоғары оқу орны жағдайында бұл сапаны мақсатты түрде қалыптастыру білім беру сапасын арттыруға, студенттердің психологиялық саулығын нығайтуға және олардың болашақ кәсіби қызметінде табысты болуына негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы https://irrd.kz/old/sites/irrd.kz/uploads/docs/npa/121021_726_rus.docx
2. Никитина Е. Ю., Савченков А. В. Теоретико-методологические и методико-технологические аспекты развития эмоциональной устойчивости будущих педагогов / Е. Ю. Никитина, А. В. Савченков // *Фундаментальные исследования*. — 2012. — № 3. — С. 48–52
3. Марищук В.Л. и др. Методики психодиагностики в спорте. -М.: Просвещение, 1990. - 256 с.
4. Митина Л.М. Эмоциональная устойчивость учителя: психологическое содержание, генезис и динамика // *Школа здоровья*. – 1995. – Том 2 – № 1 – С. 25-42.
5. Левитов Н.Д. Психотехника и профессиональная пригодность: проблемы и методы. М., 1928. 264 с.
6. Смирнов В.М.; *Нейрофизиология ш высшая? нервная? деятельность детей; и-подростков;* / В.М. Смирнов - М.: Академия, 2000 - 400с.: ил.
7. Писаренко В.М. Роль психики в обеспечении эмоциональной устойчивости человека // *Психологический журнал*. – 1986. – Том 7. – № 1. – С. 62-72.

8. Аболин Л. М. Психологические механизмы эмоциональной устойчивости человека / Л. М. Аболин. — Казань: Изд-во КазГУ, 2007. — 320 с
9. Кузнецова О. В. Формирование эмоциональной устойчивости педагогов дошкольного образовательного учреждения в период модернизации образования / О. В. Кузнецова // Концепт. — 2015 — № 1. — С. 43–51
10. Гоулман, Д. Эмоциональный интеллект. / Д. Гоулман. — Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2013. — 536 с. 7. Кэнфилд, Д. Правила успеха / Д. Кэнфилд. — Москва: Эксмо, 2017. — 450 с.

ӘОЖ 378.1

УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ КӘСІБИ ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУІН ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТҰҒЫРЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна

Педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (ЕҰУ),
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
saira1962@mail.ru

Мукажанов Нурлан Какенович

Педагогика және психалогия кафедрасының докторанты,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (ЕҰУ),
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
knm8989@mail.ru

Аннотация. Мақалада жоғары оқу орны түлектерінің заманауи еңбек нарығы жағдайында кәсіби ортаға бейімделуін ұйымдастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі қарастырылады. Автор түлектердің кәсіби қалыптасу кезеңдерін талдай отырып, бейімделу процесінің негізгі компоненттерін (мақсаттық, мазмұндық, іс-әрекеттік және нәтижелілік) айқындайды. Зерттеу жұмысында ұсынылған модель студенттердің теориялық білімі мен практикалық дағдылары арасындағы байланысты нығайтуға, сондай-ақ жас маманның кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Annotation. The article examines the structural-content model for organizing the professional adaptation of university graduates in the context of the modern labor market. The author analyzes the stages of graduates' professional development and identifies the key components of the adaptation process (target, content, activity, and result-oriented blocks). The research presents a model aimed at strengthening the link between students' theoretical knowledge and practical skills, as well as enhancing the professional competence of young specialists.

Түйін сөздер: университет түлектері, кәсіби бейімделу, құрылымдық-мазмұндық модель, кәсіби орта, еңбек нарығы, жас маман, педагогикалық шарттар, кәсіби құзыреттілік, бейімделу процесі, әлеуметтік-психологиялық дайындық.

Keywords: university graduates, professional adaptation, structural-content model, professional environment, labor market, young specialist, pedagogical conditions, professional competence, adaptation process, socio-psychological readiness.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану жағдайында еңбек нарығының динамикалық өзгеруі, цифрландыру үдерісінің күшеюі және кәсіби талаптардың жаңаруы жоғары оқу орындары түлектерінің кәсіби ортаға бейімделу мәселесін өзекті етеді. «Сапалы білім» – «Білімді ұлт» ұлттық жобасында «Дағдылар мен құзыреттерді дамыту бойынша үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету (кәсіпорындар, орталықтар және т.б. базасында), сондай-ақ техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектерін қолдау және олардың кәсіби деңгейін арттыру» қажет делінген. Болашақ мамандарды бірінші курстан төртінші курсқа дейін дайындаудың біра кәсіби бейімдеуде екендігін көрсетеді [1]. Жоғары білім беру жүйесі тек теориялық білім берумен шектелмей, болашақ мамандардың кәсіби ортада тиімді әрекет етуіне жағдай жасауға бағытталуы тиіс. Зерттеушілердің пікірінше, кәсіби бейімделу – бұл тұлғаның жаңа әлеуметтік-кәсіби ортаға табысты енуі және онда тұрақты қызмет атқаруға психологиялық әрі кәсіби дайын болуы (Э.Ф. Зеер, 2003) [12].